

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1788 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын іске асыру мәселелері туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 және "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы 1997 жылғы 17 қарашадағы N 1593 қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . < * >

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.04.27. N 481 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3465 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1143 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 33, 305-құжат):

1-тармақтың екінші абзацындағы, 2-тармақтағы, 3-тармақтың төртінші абзацындағы , 4, 5-тармақтардағы "мемлекеттік комитетіне", "мемлекеттік комитетінің", " мемлекеттік комитеті" деген сөздер "комитетіне", "комитетінің", "комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың екінші абзацы "филиалын" деген сөзбен аяқталып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жұмысын қамтамасыз ететін мүлік пен істерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетіне берсін";

2-тармақтағы "өрттен қорғау және авариялық-құтқару жұмыстары жоғары училищесі" деген сөздер "жоғары техникалық училищесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті (ТЖМК Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті) туралы ережеге:

атауындағы "мемлекеттік комитетінің" деген сөздер "комитетінің" деген сөзбен ауыстырылсын, "ТЖМК" деген сөз алынып тасталсын;

мәтіндегі "мемлекеттік комитетінің" деген сөздер "комитетінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "қазақ және орыс тілдерінде" деген сөздер "мемлекеттік тілде" деген сөздермен ауыстырылсын;

к ө р с е т і л г е н қ а у л ы ғ а қ о с ы м ш а ғ а :

атауындағы "мемлекеттік комитетінің" деген сөздер "комитетінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі бірінші жолдағы "ТЖМК" деген сөз алынып тасталсын, "42", "41" деген сандар "40", "39" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2-жолдағы "23", "20" деген сандар "27", "21" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жолдағы "22", "18" деген сандар "24" деген санмен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 4-жолдағы "Көкшетау өрттен қорғау және авариялық-құтқару жұмыстары жоғары училищесі" деген сөздер "Көкшетау техникалық жоғары училищесі" деген сөздермен ауыстырылсын, "80", "65" деген сандар "87", "72" деген сандармен ауыстырылсын; реттік нөмірі 5-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 6 және 7-жолдар тиісінше реттік нөмірі 5 және 6-жолдар болып есептелсін;

"жалпы" деген жолдағы "189", "9691" деген сандар "178", "9690" деген сандармен ауыстырылсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662, 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 1 8 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 7 8 8 қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
жөніндегі комитетінің Мемлекеттік өртке қарсы
қызметі департаментінің
ҚҰРЫЛЫМЫ**

Мемлекеттік өрт қадағалау басқармасы
Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары басқармасы

Кадр және оқу орындары басқармасы
Қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК